



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

### Список литературы:

1. Алекторов А.Е. Очерк народного образования Тургайской области. Летопись 1744 - 1898 гг. 2 выпуск - Оренбург, 1900. 277 с.
2. Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия - Казань, 1879. 100 с.
3. Ильминский Н.И. Воспоминания об И.А.Алтынсарине - Казань, 1891. 396 с.
4. Оспанов С.О. Неугасимое пламя - Костанай, 2016. 350 с.
5. Оспанов С.О. Мир Алтынсарина - Костанай. 2017. 392 с.

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ИДЕЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

Балғабаева Гаухар Зкрияновна,  
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор  
Байжанова Сауле Аскарбековна,  
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
Қостанай қ.

### Аннотация

*Білім беру жүйесін жаңғырту-бұл саяси және жалпыұлттық міндет. Білім беру саясатының белсенді субъектілері барлық азаматтар, отбасы және ата-аналар қауымдастығы, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, профессорлық-педагогикалық қоғамдастық, ғылыми, мәдени, қоғамдық институттар болуы тиіс.*

### Аннотация

*Модернизация системы образования-это политическая и общенациональная задача. Активными субъектами образовательной политики должны быть все граждане, семейное и родительское сообщество, органы местного самоуправления, профессорско-педагогическое сообщество, научные, культурные, общественные институты.*

### Abstract

*Modernization of the education system is a political and national task. Active subjects of educational policy should be all citizens, family and parent community, local authorities, the teaching community, scientific, cultural and public institutions.*

*Түйінді сөздер: жаңғырту, білім, саясат, қоғам.*

*Ключевые слова: модернизация, образование, общество, политика.*

*Keywords: modernization, education, society, politics*

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы еліміздің дамуының жарқын үлгісімен көрсететін маңызды құжат. Әлбетте, саяси және экономикалық жаңғыру ең алдымен руханилық басымдыққа ие қоғамдық сананың деңгейіне байланысты. Сондықтан, бүгінгі рухани жаңғыру-ең өзекті мәселе. Мұны бірінші кезекте шоғырландырушы жалпыұлттық құндылықтарды тереңдетуге баса назар аударатырып, түбегейлі өзгеруді қажет ететін осы саланың жағдайы талап етеді. Мақалада біздің ұлттық кодымызда прагматизмнің болуына нақты негіздеме берілген. Ұлы даланың қатал табиғи жағдайлары мен құрғақшылығына байланысты көшпенділік, біздің ата-бабаларымыздың шынайы прагматизм үлгісі ретінде өмір сүрудің экологиялық дұрыс тәртібін қалыптастырды. Өткен ғасырларда қоғамдық-саяси ойдың дамуын талдап, Мемлекет басшысы «Темір» тұжырымын – радикалды идеологиялар ғасырынан өтті. Біздің болашаққа деген ұран-бұл реализм мен прагматизм. Тіл, мәдениет, тарих-бұл барлық ғасырлардағы күшті мемлекеттің негізі. Біз бұл бағытта ерекше назар аударамыз –ұлттық рух мәселесіне.

Мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Мемлекет басшысы жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды». Қазіргі таңда адами капиталдың басты құндылығына айналып отырған оқу мен білімнің қарыштаған дәуірінде, ұлт көшбасшысы рухани жаңғырудың негізгі талабы – «білімнің салтанат құруы – білімді бәрінен жоғары қоятын ұлт қана табысқа жете алады» деп айтқаны белгілі. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжитатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік — жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», — деп атап өтті Елбасы. Сапалы білім жеке адам үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де тиімді. Оның арқасында адам бизнесте, саяси немесе мәдени салада жақсы мансап жасауға үміттенеді. Білім беру жүйесінің арқасында ел жоғары білікті қызметкерлерді алады. Бұл еңбек өнімділігін арттыруды, жаңа технологияларды енгізуді, экономикалық дамудағы алдыңғы қатарлы шептерге шығуды білдіреді. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық — рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім — тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. Білім беру құрылымы бар әлеуметтік жүйе болып табылады. Өткен онжылдықта Қазақстанның білім беру жүйесінде бірқатар бағыттар бойынша прогрессивті құрылымдық және функционалдық өзгерістер болды. Қазақстандық білім беру жүйесі тәуелсіздік жылдарында жеделдетілген жаңғырту стратегиясының табысқа жету бағытына бағытталған болатын, бұл қазіргі заманғы білім беру, кадрларды даярлау және қайта даярлау. Жоғары тиімді білім беру жүйесі ел экономикасының және қазақстандық қоғамның тұрақты өсуін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Біздің мемлекетіміздің білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың мақсаты – жаһандануды ескере отырып, нарықтық экономика жағдайында оның сапалы өзгеруін қамтамасыз ету. Білім беруді реформалау осы салада жинақталған оң әлеуетті сақтау негізінде осы процесті тереңдету мен дамыту үшін жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржы-материалдық жағдайлар жасауды және барабар кадрлық қамтамасыз етуді талап етеді. Қоғамда серпінді әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында білім берудің сапалы реформасын білім беру саласында қалыптасқан нақты жағдайды, өсіп келе жатқан үрдістер мен қолданыстағы

қатынастарды, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің болашақ дамуының ықтимал жолдарын ескеретін егжей-тегжейлі пысықталған стратегия болған кезде ғана жүргізуге болады. Мұндай стратегия тез өзгертін нақты жағдайларға тұрақты бейімделетін икемді тактикалық іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу үшін негіз болуға тиіс. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы білім сапасын арттыруға ерекше көңіл бөледі. Мемлекет басшысының білім беру жүйесін жаңғыртуға және оны халықаралық даму деңгейіне шығаруға шақыруы ерекше маңызға ие. Онда қойылған міндеттер республиканың ағымдағы ғасырдың ортасына қарай Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі бойынша шығуын қамтамасыз етуге тиісті қажетті жағдайлар жасау бойынша бүкіл қоғам мен мемлекеттің белсенді қызметінің жаңа кезеңін көрсетеді.

Берілген мақсаттарға жетудің маңызды факторы білім беру болып табылады. Қазіргі қарқынды даму және білім беруден жаһандық бәсекелестік жағдайында ол өмір бойы сапалы және үздіксіз болуы талап етіледі. Сондықтан қазақстандық білім беру жүйесінің алдына заманауи әдістер мен оқыту бағдарламаларын меңгеру, оқыту деңгейін арттыру, үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын), кәсіби-техникалық дайындық, аналитикалық ойлау және т. б. сияқты қажетті білімдер мен дағдыларды оқыту міндеті қойылған. Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуын кадрлық қамтамасыз етуге жастардың техникалық білім алуына мемлекеттің кепілдік беруі қызмет етеді. Бізге білім алудың барлық жүйесін сапалы реформалауды жүргізу керек, оның қорытындысы білім берудің әлемдік стандарттарына шығу болуы тиіс. Оқытудың барлық деңгейлерінде дуальдік қағидатын енгізу қажет, бұл жастарға тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар өндірісте, оның ішінде жоғары технологиялы және инновациялық сипаттағы жұмыс істеудің практикалық дағдылары мен іскерліктерін бекітуге ықпал ететін болады. Білім беру жүйесін жаңғырту-бұл саяси және жалпыұлттық міндет. Білім беру саясатының белсенді субъектілері барлық азаматтар, отбасы және ата-аналар қауымдастығы, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, профессорлық-педагогикалық қоғамдастық, ғылыми, мәдени, қоғамдық институттар болуы тиіс. Білім беруді жаңғыртудың стратегиялық мақсаттарына Ұлттық экономика, мәдениет, денсаулық сақтау ғылымы, барлық мүдделі ведомстволар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің, ата-аналармен және жұмыс берушілермен білім беру жүйесінің тұрақты өзара іс-қимылы процесінде ғана қол жеткізілуі мүмкін. Осылайша, білім беру жүйесін жаңғырту-бұл мемлекеттің ауқымды бағдарламасы, оның шеңберінде нақты іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылуда. Ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі ең алдымен оқыту мен тәрбиелеудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, жаңаша ойлайтын және азаматтық жауапкершілігі әлдеқайда жоғары кәсіби мамандар даярлауға бағытталған. Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа парадигмасын анықтайтын осы міндеттер білім беру мазмұнын жаңарту, оқытудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін меңгеру, бағалаудың объективті жүйесін енгізу және басқарудың инновациялық әрі ашық жүйесін құру арқылы шешілуі тиіс деп ойлаймын. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Қазақстанды Отаным деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы — бұның басты шарттарының бірі. Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етуге міндетті екенімізді естен шығармайық! Ел ертеңі — білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттайық. Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол-деңгейде болады» деп атап көрсеткен. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана

қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты — жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. Мемлекет басшысы өзінің «Рухани жаңғыру» мақаласында бізге болашаққа сенімді көпір салу сияқты іс-қимыл бағдарламасын ұсынады. Осы бағыттағы алғашқы қадамды Ел Президенті қазақстандық қоғамның қоғамдық санасын жаңғыртуда көреді. Отанға деген махаббат, халық дәстүрлеріне адалдық, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін білу, қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтау, еліміздің батыры адамдары туралы білім – бұл патриоттық іс – шаралардың негізі.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // <https://www.inform.kz/kz/elbasy-nursultan-nazarbaev-kazakhstan-zholy-2050-bir-maksat-bir-mudde-bir-bolashak-zholdaudyn-tolyk-matini>

### К ВОПРОСУ О ВОСПИТАНИИ ПАТРИОТИЗМА СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Балжанова Айгуль Магжановна,  
ст. преподаватель КГПУ им.У.Султангазина  
г.Костанай

#### Аннотация

Еліміздегі әлеумет қатынастарының барлық жүйесін жаңғырту жағдайында жастар арасында Отансүйгіштік пен азаматтық құндылықтарды қалыптастыру айрықша маңызға ие мәселеге айналды. Қазақстандық Отансүйгіштік - мемлекеттік саясат пен идеологияның маңызды бөлігі және Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты міндеті.

#### Аннотация

В условиях продолжающейся модернизации всей системы общественных отношений в стране проблема формирования патриотизма и гражданских ценностей в молодежной среде обретает особую актуальность и значимость. Казахский патриотизм является важной парадигмой государственной политики и идеологии и является приоритетной задачей современной системы образования Республики Казахстан.

#### Abstract

Under the conditions of modernization of the whole system of public relations in the country the problem of formation of patriotism and civil values in the youth environment is of special urgency and importance. Kazakhstani patriotism is an important paradigm of the state policy and ideology, and it is the priority goal of the modern educational system of the Republic of Kazakhstan.

**Түйінді сөздер:** қоғамдық сананы жаңғырту, Отансүйгіштік, жастар, тәрбие, жастар саясаты.

**Ключевые слова:** модернизация общественного сознания, патриотизм, молодежь, воспитание, молодежная политика.

**Keywords:** modernization of social consciousness, patriotism, youth, education, youth policy.

Сегодня с уверенностью можно говорить, что достигнутые успехи Казахстана стали прочной основой для дальнейших последовательных шагов по повышению благосостояния населения, модернизации экономики, формированию современного гражданского общества. Особое значение в этой связи имеет формирование гражданского сознания молодежи и реализация эффективной молодежной политики, что

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58